





**С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ  
Ұлттық медицина университеті**

**Орындағандар:  
Адилбек К.  
Амангелді А.**

*Силиконды массамен  
комбинирленген мүсінді  
құю технологиясы*

*Құрамалы мүсінді құю. Ол үшін қалып-өлшемді азып тұрған суға жуады. Әрбір егелген тіске міндетті түрде металл штифтерді бір-біріне параллель етіп ушкір ұштарымен қадайды. Осыдан кейін супергинсті қолмен арнайы қондырғыға араластырып мүсін құяды.*






*Қалып өлшемнен мықты гипстен құрамалы мүсін құйылады. Бұл үшін қалып-өлшемдегі егелген тістердің кесу қырларының немесе шайнау беттерінің орталарына «құйрықшалар» (пиндер, штифтер) металл штифтер орнатылады. Оларды балауызбен немесе металды сыммен жалғастырады.*



**0** Құрамалы мүсіндерді алу үшін, қалып-өлшемді супергипспен, құйрықшаның безерлі бөлігінен 1-2мм жоғары толтырады. Қалып өлшемнің гипспен алғашқы толтыруын тербермелі үстелде жасаған дұрыс.



**0** Қалып-өлшемді мүсіннен ажырату гипс толық қатқаннан кейін (50-60)орындалады. Қалыпты мүсіннен ажырату оны ақырын тарту және өлшем массаларын бөлшектеу арқылы жүзеге асады.Қасықты ажыратқаннан кейін мүсіннің сапасына баға беріледі.Ол үшін мүсіндегі егелген тістердің пішіндері сақталып,мойын бөліктеріндегі керткітермен қызыл иек шеттерінің көріністері айқын болулары керек.Мүсіннің табанының қалыңдығы талапқа сәйкес болуы керек.




*Қалып-өлшемді алғашқы супергипспен толтыру уақытынан 1,5-2сағат өткен соң, гипсті және вазелин майын жұқалап жазады, бұл келешекте құрамалы мүсіннен тіс тұқылына оңай итеріп шығару үшін жасалады.*

*Мүсіннің екінші табан бөлігін құю кезінде, қарапайым гипсті қолданады. Мүсін табаны құйғаннан 1 сағат өткен соң, мүсінен қасықпен қалып-өлшемді ажыратады. Содан кейін қыл арамен (лобзикпен) супергипс қабатындағы сауытпен қапталатын тістің айналасын аралайды. Мүсіннің табанын иштифттердің ұштары көрінгенше ойып, иштампикти итеріп шығарады. Тіс иштампигінің мойын тұсын өңдеу және кемерлер бойынша тіс мойнының шекарасын анықтау – маңызды сәт болып табылады. Тіс иштампигінің мүсінде өз орнына күш қолданбай орнатылуы тиіс.*



*- Құрамалы мүсіндерді дайындау, егелген тістердің тұқылдарын мүсіннен ажырату мақсатында жүргізіледі. Ол үшін мүсіндегі тіс қатарында сауыт кигізілетін тіс тұқылын аралап, жеке даралаймыз. Тұқылды оның мойын бөлігінен мүсіннің табанына қарай көлбеу түрінде конус тәрізді етіп кесеміз. Осылайша апроксималды жақтарын аралау арқылы тірек тістер мүсіннен ажыратылады. Құрамындағы штифттің болуына байланысты тірек тістер жалпы мүсіннен оңай алынып-салынады.*





Назарларыңызга рахмет!